ЖАҢА ЕУРОПАҒА
АРНАЛҒАН
ПАРИЖ ХАРТИЯСЫ

ПАРИЖ 1990

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске (ЕҚЫК) қатысушы мемлекеттердің: Австрияның, Бельгияның, Болгарияның, Венгрияның, Германияның, Грециянын, Данияның, Ирландияның, Исландияның, Испанияның, Италияның – Еуропалық қауымдастығының, Канаданың, Кипрдің, Лихтенштейннің, Люксембургтың, Мальтаның, Монаконың, Нидерландтардың, Норвегияның, Польшаның, Португалияның, Румынияның, Сан-Маринонын, Қасиетті Тақтың, Құрама Корольдіктің, Америка Құрама Штаттарының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының, Түркияның, Финляндияның, Францияның, Чех және Словакия Федеративтік Республикасының, Швейцарияның, Швецияның, Югославияның мемлекет және үкімет басшыларының кеңесі.

Париж, 1990 жылдың 19-21 қарашасы

ДЕМОКРАТИЯ, БЕЙБІТШІЛІК ПЕН БІРЛІКТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Біз, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске қатысушы мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшылары Парижде терең өзгерістер мен тарихи үміт күтулер кезінде жиналдып отырмыз. Қарама-қарсылық пен Еуропаның бөліну дәуірі аяқталды. Біз бұдан әрі қарым- қатынасымыз өзара сыйластық пен ынтамақтастыққа негізделеді деп мәлімдейміз.

Еуропа өткеннің мұрасынан азат болуда. Еркектер мен әйелдердің батылдығы, халықтардың ерік- күші мен Хельсинки Қорытынды актісінің идеяларының қуаты Еуропадағы демократия, бейбітшілік пен бірліктің жаңа дәуірін бастап берді.

Біздің заман - көптеген жылдар бойы халықтарымыздың жүрегінде ұялаған үміттер мен армандардың: адам құқықтары мен негізгі бостандықтарға негізделген демократияға айнымас бейілділік; экономикалық еркіндік пен әлеуметтік әділеттілік арқылы өркендеу және біздің барлық мемлекеттеріміз үшін тең қауіпсіздіктің жүзеге асатын уақыты.

Қорытынды актінің он принципі соңғы он бес жыл ішіндегі қатынасымызды жақсартуда біздің жолымызды қалай жарқыратып тұрса, жарқын болашағымызға қарай жылжуымызға да жарық жұлдыздай жолымызды нұрландыра бермек. ЕҚЫК бойынша барлық міндеттемелерінің толық орындалуы біздің халықтарымыздың арман-мүдделеріне сай өмір сүру мүмкіндігін беру үшін қабылдап отырған бастамаларымызға негіз болуға тиіс.

Адам құқықтары, демократия және заңның үстемдігі

Біз мемлекеттеріміздегі басқарудың бірден-бір жүйесі ретінде демократияны құруға, шоғырландыруға және нығайтуға міндеттенеміз. Бұл бастамада біз келесіні басшылыққа аламыз:

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары- туғаннан бастап барлық адамға тиесілі, олар ажыратылмайды және заңмен кепілдік берілген. Оларды қорғау және оларға жәрдем ету - мемлекеттің ең бірінші міндеті. Оларды құрметтеу- үкіметтің шектен тыс билігіне

қарсы елеулі кепілдік. Оларды сақтау мен толық орындау- бостандық, әділеттік және бейбітшілік негізі.

Демократиялық басқару еркін және әділ сайлау барысында жүйелі түрде білдірілетін халықтың ерік күшіне негізделеді. Демократия негізіне адамның жеке басын және заңның үстемдігіне деген құрмет арқау болады. Демократия өз пікірін білдіру еркіндігінің, қоғамдағы барлық топтарға төзімділіктің және әр адамның мүмкіндіктер теңдігінің ең жақсы кепілі болып табылады.

Өкілдікті және пікір алуандық сипатында болып келетін демократия, сайлаушыларға есептілікті, мемлекеттік биліктің заңдарды сақтау міндеттемесін және сот төрелігінің алалықсыз қызмет етуіне қамтиды. Заңнан жоғары ешкім тұрмау керек.

Біз әрбір адамның ешқандай кемсітушіліксіз:

ойлау, ар-ождан, дін және сенім бостандығына,

өз пікірін айту бостандығына,

қоғамдастық және бейбіт жиналыс бостандығына,

жүріп-тұру бостандығына

құқылы екенін растаймыз.

Ешкім:

негізсіз тұтқынға алынбайды немесе қамауда ұсталмайды,

азаптауға немесе басқа да қатыгез, адамгершіліксіз не болмаса,

адам намысын қорлайтын іс-әрекет пен жазаға ұшырамайды;

Сондай-ақ, әркім :

өз құқықтарын білуге және оларға сәйкес әрекеттенуге,

еркін және әділетті сайлауға қатысуға,

қылмыс жасағаны туралы айып тағылған жағдайда соттық істің әділ және ашық қаралуына,

мүлікке жеке өзі немесе басқалармен бірігіп ие болуға және жеке кәсіпкерлікпен айналысуға,

өз экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын пайдалануға

құқылы.

Біз ұлттық азшылықтардың этникалық, мәдени, тілдік және діни өзіндік ерекшелігі қорғалатынын және ұлттық азшылықтарға жататын тұлғалар сол өзіндік ерекшелікті ешбір кемсітушіліксіз және заң алдындағы толық теңдік жағдайда еркін білдіру, сақтау және дамыту құқығына ие екенін растаймыз.

Біз әр адам өз құқығының бұзылуына қарсы ұлттық немесе халықаралық құқықтық қорғалудың тиімді құралдарына қол жеткізуді пайдалануын қамтамасыз етеміз.

Қолданыстағы ережелердің толық сақталуы жаңа Еуропаны құруға деген ұмтылысымыздың іргетасы болып табылады.

Біздің мемлекеттер демократиялық жеңістерді кері қайтпайтындай ету мақсатында ынтымақтасады және бір-біріне қолдау көрсететін болады.

Экономикалық еркіндік пен жауапкершілік

Экономикалық еркіндік, әлеуметтік әділеттік және қоршаған ортаға жауапкершілікті көзқарас өркендеуіміз үшін барынша қажет.

Демократия жағдайында жүзеге асатын және заңның үстемдігімен қорғалатын жеке тұлғаның еркін қалауы табысты экономикалық және әлеуметтік дамудың қажетті негізін

құрайды. Біз адамның ар-намысын құрметтеу және мойындау арқылы жүзеге асатын экономикалық әрекетті көтермелейтін боламыз.

Бостандық пен саяси плюрализм біздің ортақ мақсатымыз – орнықты экономикалық өсу бағытындағы нарықтың экономиканың дамуы, өркендеу, әлеуметтік әділеттік, жұмыспен қамтудың өсуі және экономикалық қорды тиімді пайдаланудың қажетті элементтері болып табылады. Елдердің нарықтық экономика бағытында күш-жігер жұмсап, оның ойдағыдай өтуінің маңызы зор және біздің барлығымыздың мүдделерімізге жауап береді. Ол біздің ортақ мақсатымыз болып табылатын әл-ауқатымызды неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Біз осы мәселені шешуде ынтымақтасатын боламыз.

Қоршаған ортаны сақтап қалу –біздің барлық мемлекеттеріміздің ортақ міндеті. Осы салада ұлттық және аймақтық деңгейдегі қабылданған күш-жігерлерді қолдай отырып, біз, сондай-ақ, неғұрлым кеңірек негіздегі бірлескен іс-қимылдардың аса қажеттілігін де ескеруге тиіспіз.

Қатысушы мемлекеттердің арасындағы өзара достық қатынастар

Еуропа үстінде жаңа дәуірдің арайы нұр шашқан қазіргі сәтте, біздер, Еуропа мемлекеттері, Америка Құрама Штаттары және Канада арасындағы достық қатынастарды және ынтымақтастықты кеңейту мен нығайтуға, сондай-ақ біздің халықтарымыздың арасындағы достықтың арта түсуіне ықпал етуге бел байлап отырмыз.

Еуропадағы демократия, бейбітшілік пен бірлікті қолдау және нығайту мақсатында біз хельсинкилік Қорытынды актінің он принципіне толығымен бейілділігімізді салтанатты түрде жариялаймыз. Біз осы он принциптің өзгермейтін құндылығын және оларды іс жүзінде жүзеге асыруға бел байлағанымызды растаймыз. Басқаларын ескере отырып, әрбірін түсіндіруде барлық принциптер бірдей және бұлжытпай қолданылады. Олар қарым-қатынасымыздың негізін қалайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша міндеттемелерімізге және хельсинкилік Қорытынды акті бойынша міндеттемелерімізге сәйкес біз қандай да бір мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданудан немесе қоқан-лоққы жасаудан және бұл құжаттардың қағидаттары және мақсаттарымен

сыйыспайтын кез келген өзге де әрекеттерден тартынатынымыз туралы сендірулерімізді тағы да қуаттаймыз.
Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша міндеттемелерді орындамау халықаралық құқықты бұзу болып табылатынын еске саламыз.

Біз дауларды бейбіт жолдармен реттеуге бейілдігімізді тағы да растаймыз. Біз қатысушы мемлекеттердің арасындағы жанжалдардың алдын алу және реттеу тетіктерін құруға шешім қабылдаймыз.

Еуропаның жікке бөлінуінің тоқталуына орай біз бұл саладағы әрбіреуге берілген таңдау еркін толық құрметтей отырып, қауіпсіздік бағытындағы қатынастарымызға жаңа сапа беруге ұмтылатын боламыз. Қауіпсіздік бөлінбейді және әр қатысушы мемлекеттің қауіпсіздігі қалған барлығының қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Сол себепті біз өз арамыздағы сенім мен қауіпсіздікті нығайту ісінде және қарулану мен қарусыздануға бақылау жасауда ынтымақтасуға міндеттенеміз.

Біз Жиырма екі мемлекеттің өздерінің қарым-қатынастарын жақсарту туралы біріккен декларациясын қуаттаймыз.

Біздің қарым-қатынастарымыз демократиялық құндылықтарға, сондай-ақ адам құқықтары мен негізгі бостандықтарға деген ортақ бейілділігімізге негізделген. Бейбітшілік пен мемлекеттеріміздің қауіпсіздігін нығайту үшін демократияны дамыту және адам құқықтарын құрметтеу аса қажет екендігіне сенімдіміз. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына және мемлекеттердің аумақтық тұтастығына қатыстыларын қоса алғанда, халықаралық құқықтың тиісті нормаларына сәйкес, халықтардың тең құқықтығы мен олардың өз тағдырын өздері шешу құқығын тағы да растаймыз.

Біз саяси консультацияларды жандандыру мен экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және гуманитарлық проблемаларды шешуде ынтымақтастықты кеңейтуге батыл кірісу ниетіндеміз. Осылайша бірлескен батылдыққа бару мен артып келе жатқан біздің өзара тәуелділігіміз ондаған жылдар бойы орын алған сенімсіздікті жоюға, тұрақтылықты жоғары арттыруға және біртұтас Еуропаны құруға көмкетеседі.

Біз Еуропа бейбітшіліктің көзі болғанын, диалог пен өзге мемлекеттермен ынтымақтастыққа ашық болғанын, түрлі алмасуларды қолдауын және келешектің сынына ортақ жауап іздеуге қатысқанын қалаймыз.

Қауіпсіздік

Демократияның нығаюы мен қауіпсіздіктің күшеюі біздің өзара достық қатынасымызға қолайлы әсерін тигізеді.

Біз жиырма екі қатысушы мемлекеттің әскери күштер деңгейінің азаюына әкелетін Еуропадағы жай әскери күштер туралы шартқа қол қоюын құптаймыз. Біз барлық қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара сенімнің артуына бастайтын сенім мен қауіпсіздікті күшейтудің ашықтықтың көбеюі және жаңа ұтымды әрекеттерінің жиынтығын мақұлдауды беккабылдауды қолдаймыз. Бұл - Еуропадағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы маңызды қадам.

Еуропадағы жай әскери күштер туралы шарттың нәтижесі болып келетін әскери күштерді барынша қысқарту, ЕҚЫК үдерісінің шеңберіндегі қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа деген жаңа көзқарастар үйлесімінде Еуропадағы қауіпсіздіктің жаңа түсінігіне әкеледі және біздің қарым-қатынасымызға жаңа сапа береді. Бұл контексте біз мемлекеттердің жеке өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілін таңдаудағы бостандығын толығымен мойындаймыз.

Бірлік

Бір тұтасты құрайтын және еркін Еуропа жаңа бастамаға шақырады. Біз өз халықтарымызды осы ұлы іске қатысуға шақырамыз.

Біз 1990 жылдың 12 қыркүйегінде Мәскеуде қол қойылған Германияға қатысты түпкілікті реттеу туралы шартты үлкен қанағатпен атап өтеміз және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Қорытынды актісінің принциптеріне сәйкес және өз көршілерімен толық келісімде неміс халқының бір мемлекетке бірігу фактісін шын жүректен қолдаймыз. Германияның ұлттық бірлікке жетуі – тұрақтылықты, бейбітшілік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін сезінген бір

тұтас демократиялы Еуропада әділетті де баянды бейбіт тәртіптің орнығуы жолындағы маңызды үлес.

ЕҚЫК-тің негізгі сипаттамаларының бірі оған солтүстік американдық мемлекеттермен қатар еуропалық мемлекеттердің де қатысуы болып табылады: ол оның бұрынғы табыстарының негізінде жатыр және ЕҚЫК-ның келешектегі үдерісі үшін өте қажет. Біз бөлісетін құндылықтар мен біздің ортақ мұрамызға деген айнымас берілгендік, міне, осылар бір-бірімізді байланыстыратын дәнекерлер болып табылады. Біздің елдеріміздің алуан түрлілігіне қарамастан, біз барлық салаларда ынтымақтастықты кеңейтуге бейілділігіміз тұрғысынан біртұтаспыз. Алдымызда тұрған күрделі міндеттер тек қана бірлескен іс-қимыл, ынтымақтастық және ниеттестік жолымен шешілуі мүмкін.

ЕҚЫК және әлем

Елдеріміздің тағдыры барлық өзге елдердің тағдырымен байланысты. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымын және халықаралық бейбітшілік, қауіпсіздік пен әділеттікке ықпал етудегі оның рөлінің артуын толығымен қолдаймыз. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының, оның Жарғысында бекітілгеніндей, қағидаттары мен мақсаттарына өзіміздің берілгендігімізді тағы да растаймыз және осы қағидаттардың кез келген бұзылуын айыптаймыз. Біз мемлекеттеріміздің арасындағы қарым-қатынастың жақсаруы ықпал ететін әлемдік шаралардағы Біріккен Ұлттар Ұйымының өсіп келе жатқан рөлін және оның артып келе жатқан тиімділігін қанағаттанғандықпен атап өтеміз.

Әлемнің едәуір бөлігінің кезек күттірмейтін мұқтаждықтарын сезіне отырып, біз барлық басқа мемлекеттерге қатысты ниеттестік білдіруге міндеттенеміз. Сондықтан біз бүгін Парижден әлемнің барлық елдеріне үндеу тастаймыз. Біз барлық мемлекеттермен және олардың әрқайсысымен бірігіп қорғану және негізге алынатын адами құндылықтардың түгел жиынтығын бекіту үшін күш-жігерлерімізді біріктіруге дайынбыз.

КЕЛЕШЕККЕ БАҒДАРЛАР

ЕҚЫК-ның барлық қағидаттары мен ережелерін толық орындауға біздің табанды бейілділігімізді негізге ала отырып, біз қазір халықтарымыздың қажеттіліктері мен арман-мүдделерін қанағаттаныру мақсатындағы ынтымақтастығымыздың теңгерімделген және жан-жақты дамуына жаңа серпін беруге шешім қабылдап отырмыз.

Адами өлшем

Біз адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерді құрметтеуіміздің өзгермейтінін мәлімдейміз. Біз ЕҚЫК-тің адами өлшеміне қатысты ережелерді толығымен сақтайтын және дамытатын боламыз.

Адами өлшем жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесінің құжатын басшылыққа ала отырып, біз демократиялық институттардың нығаюы мен заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтасатын боламыз. Осы мақсатта біз 1991 жылдың қарашасының 4-нен 15-не дейін Ослода сарапшылар семинарын өткізуге шешім қабылдаймыз.

Біздің қоғамдарымыздың өміріне ұлттық азшылықтардың зор үлес қосуына жәрдемдесуге бел байлай отырып, біз олардың жағдайын алдағы уақытта да жақсартуға міндеттенеміз. Біз халықтарымыз арасындағы достық қарым-қатынастар, сондай-ақ бейбітшілік, әділеттік, тұрақтылық және демократия ұлттық азшылықтардың этникалық, мәдени, тілдік және діни өзіндік ерекшелігінің қорғалуын және осы ерекшелігін қолдауға жағдай жасалуын талап ететініне өзіміздің терең сенімімізді тағы да растаймыз. Біз ұлттық азшылықтарға қатысты мәселелер қанағаттанарлық түрде тек демократиялық саяси шеңберде ғана шешіледі деп мәлімдейміз. Бұдан әрі біз ұлттық азшылықтарға жататын тұлғалардың құқықтары баршаға ортақ адам құқықтарының бөлігі ретінде толық құрметтелуі керектігін мойындаймыз. Ұлттық азшылықтарға қатысты, сондай-ақ олардың қорғалуын жақсарту мәселелерінде ынтымақтастықты жандандырудың кезек күттірмейтін қажеттілігін ұғына отырып, біз 1991 жылдың шілдесінің 1-нен 19-на дейін Женевада ұлттық азшылықтардың мәселелеріне арналған сарапшылар кеңесін өткізуге шешім қабылдадық.

Біз кімге де болса қарсы көрсетілген нәсілдік және этникалық өшпенділіктің барлық түрлеріне, антисемитизм, ксенофобия мен кемсітушілікке, сондай-ақ діндік және идеологиялық себептермен қудалаушылыққа қарсы күресуде өзіміздің табандылығымызды білдіреміз.

ЕҚЫК бойынша біздің міндеттемелерімізге сәйкес, біздің азаматтарымыздың еркін жүріп-тұруы мен олардың арасындағы байланыс, сондай-ақ ақпарат пен идеялардың еркін ағыны еркін қоғамдар мен гүлденген мәдениеттердің сақталуы мен дамуы үшін аса маңызды екенін атап өтеміз. Біз туризмнің дамуы мен біздің мемлекеттеріміздің азаматтарының бір-біріне сапар шегуінің кеңеюін қолдаймыз.

Адами өлшемінің тетігі өз пайдалылығын дәлелдеді, сондықтан біз, жекелегенде, осы тетік шеңберінде қарастырылуы мүмкін адам құқықтары мәселелерінде тәжірибесі бар сарапшылар немесе көрнекті қайраткерлер алқасының қызметіне жүгінуді қарастыратын жаңа рәсімдерді қосу жолымен кеңейтуге бел байладық. Осы тетік контексінде біз өз құқықтарын қорғауда жеке тұлғалардың қатысуын қамтамасыз етеміз. Сондықтан, осы саладағы міндеттемелеріміздің, соның ішінде Адами өлшем конференциясының мәскеулік кеңесіндегі міндеттемелеріміздің әрі қарай кеңеюіне, біздің мемлекеттеріміз қатысушы бола алатын қолданыстағы халықаралық құралдар бойынша міндеттемелерімізге залал келтірместен өзіміздің берік бейілді екендіктеріміз туралы мәлімдейміз.

Біз Еуропа Кеңесінің адам құқықтары мен демократия принциптеріне және заңның үстемділігіне, сондай-ақ мәдениет саласында ынтымақтастықтың дамуына көмектесу ісіндегі маңызды үлесін мойындаймыз. Біз кейбір қатысушы мемлекеттердің Еуропа Кеңесіне кіру және олардың адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенциясына қосылу мақсатында жасаған қадамдарын құптаймыз. Біз, сондай-ақ Еуропа Кеңесінің ЕҚЫК-не өз тәжірибесін алмасу дайындығын мақұлдаймыз.

Қауіпсіздік

Еуропадағы құбылмалы саяси және әскери жағдай әскери қауіпсіздік саласында бірлесе күш-жігер жұмсауға жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз Еуропадағы жай әскери күштер шарты және сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары жөніндегі келіссөздерде қол жеткен маңызды жетістіктерді дамытатын боламыз. Біз Сенім мен қауіпсіздікті

нығайту шаралары (МДБ - СҚШ) жөніндегі келіссөздерді сол мандатпен әрі қарай жалғастырамыз деп және оларды ЕҚЫК-тің 1992 жылы Хельсинкиде өтетін келесі кездесуінен кешіктірмей аяқтауға тырысамыз деп міндеттенеміз. Біз, сондай-ақ тиісті қатысушы мемлекеттердің Еуропадағы жай қарулану (ОВЕ - ЕЖҚ) жөніндегі келіссөздерді сол мандатпен жалғастыруға және оларды Хельсинкидегі келесі кездесуден кешіктірмей аяқтауға тырысуын қуаттаймыз. Ұлттық деңгейдегі дайындыққа қажет кезеңнен кейін, біз барлық қатысушы мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік мәселелер жөніндегі құрылымдық жағынан жақсырақ ұйымдастырылған ынтымақтастықтың реттелуін, сондай-ақ барлық қатысушы мемлекеттер үшін ашық, қарусыздандыру және сенім мен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі жаңа келіссөздерді 1992 жылдан қалмай бастау мақсатымен, Хельсинкидегі одан арғы қадамдар шеңберіндегі кездесудің аяқталуынан кейінгі отыз төрт қатысушы мемлекет арасындағы талқылау мен кеңесулерді қызығушылықпен күтеміз.

Біз тиімді тексеруге көнетін химиялық қаруға толық және жалпыға ортақ тиым салынуы туралы конвенцияның неғұрлым тез қабылдануына шақырамыз және біз оның бірінші қатысушылары болуға ниеттіміз.

Біз «Ашық аспан» бастамасының маңыздылығын тағы да растаймыз және осы келіссөздердің тез әрі жемісті аяқталуына шақырамыз.

Еуропадағы жанжал қаупі азайғанымен, біздің қоғамдарымыздың тұрақтылығына басқа қауіптер төніп тұр. Біз демократиялық институттарды қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздігін, егемендік теңдігін немесе аумақтық тұтастығын бұзатын әрекеттерден қорғау ісінде ынтымақтасуға ниеттенеміз. Оларға сырттан жасалатын қысым, мәжбүрлеу мен зиянкестік секілді заңсыз әрекеттер жатады.

Біз терроршылдықтың барлық актілерін, тәсілдері мен тәжірибесін қылмысты деп сөзсіз айыптаймыз және оны түбірімен жою мақсатында екі жақты негізімен қатар, көп жақты ынтымақтастықтық жолымен ынтымақтасуға бел байлағанымызды білдіреміз. Біз, сондай-ақ, есірткінің заңсыз айналымымен бірлесіп күресеміз.

Дауларды бейбіт жолмен реттеу мемлекеттердің күшпен қорқытудан немесе оны қолданудан тартыну міндетіне қарасты елеулі қосымша болып табылатынын және бұл факторлардың екеуі де халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мен нығайту

үшін маңызды екенін ұғына отырып, біз болуы ықтимал даулардың алдын алудың тиімді жолдарын саяси құралдар арқылы іздеп қана қоймай, сонымен бірге туындауы мүмкін кез келген жанжалды бейбіт жолмен реттеудің тиісті тетіктерін халықаралық құқыққа сәйкес анықтайтын боламыз. Соған сәйкес біз бұл салада ынтымақтастықтың жаңа нысандарын, соның ішінде үшінші тарапты міндетті түрде тартуды қоса алғанда, дауларды бейбіт жолмен реттеу тәсілдерінің жиынтығын іздестіруге міндеттенеміз. Біз 1991 жылдың басында Валлеттеде болатын Дауларды бейбіт жолмен реттеу жөніндегі кеңестің мүмкіндіктерін бұл контексте толық пайдалану қажеттілігін атап көрсетеміз. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Валлеттедегі кеңестің баяндамасын назарға алатын болады.

Экономикалық ынтымақтастық

Біз нарықтық экономикаға негізделген экономикалық ынтымақтастық біздің қатынастарымыздың елеулі элементі екенін және біртұтас гүлденген Еуропаны құруға жәрдемдесетінін атап көрсетеміз. Экономикалық қатынас жөніндегі Бонн конференциясының құжатында танылғанындай, демократиялық институттар мен экономикалық еркіндік экономикалық және әлеуметтік үдеріске ынталандырады, оның нәтижелерін біз батыл қолдаймыз.

Біз экономика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастық енді ЕҚЫК үдерісінің маңызды тірегіне айналғанын атап көрсетеміз. Қатысушы мемлекеттер бұл салалардағы дамуды жүйелі түрде қарастырып тұруы және оған жаңа серпін беруі керек.

Біз экономикалық ынтымақтастығымызды жалпы кеңейту, еркін кәсіпкерлікті ынталандыру, Тарифтер мен саудаға байланысты басты келісім (ГАТТ - ТСБК) ережелеріне сәйкес сауданы кеңейту және әртараптандыру қажеттілігіне көз жеткізіп отырмыз. Біз әлеуметтік әділет пен прогреске, сондай-ақ халықтарымыздың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесеміз. Осы контексте біз жұмыссыздық мәселелерін шешуге бағытталған тиімді саясаттың маңыздылығын мойындаймыз.

Біз тағы да демократиялық елдердің нарық экономикасына өтуі кезінде және өз күштеріне сүйеніп, 24 мемлекет тобы міндетіне алып отырғанындай, экономикалық және әлеуметтік өсу үшін негіздер қалауы кезеңінде алдағы уақытта да қолдау қажеттігін растаймыз. Біз, сондай-ақ тәртіп пен пайданы мойындауды қарастыратын халықаралық экономика және қаржы жүйесіне олардың тереңірек кірігуі қажеттілігін атап өтеміз.

Біз ЕҚЫК үдерісінің шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөлгенде дамушы қатысушы мемлекеттердің мүдделерін ескеру қажет деп есептейміз.

Біз адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды құрметтеу және нығайту мен ғылыми прогресс арасындағы өзара байланысты еске саламыз. Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық экономикалық және әлеуметтік дамуда елеулі рөл атқаратын болады. Сондықтан ол ғылыми техникалық ақпарат пен қатысушы мемлекеттер арасындағы технологиялық үйлеспеушілікті жеңуге арналған білімнің барынша кең алмасуы бағытында дамуы керек. Біз, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің адам әлеуетін және еркін кәсіпкерлігі рухын дамыту мақсатындағы өзара ықпалдасуын көтермелейміз.

Біз экономикалық және әлеуметтік даму мүддесі тұрғысында мемлекеттеріміздің арасындағы энергетика, көлік пен туризм салаларындағы ынтымақтастыққа қажетті серпін беруге барынша батыл кірісу ниетіндеміз. Біз, соның ішінде, экологиялық факторларды тиісінше есепке ала отырып, энергетикалық ресурстарды экономикалық орынды және ұтымды игеру үшін оңтайлы жағдай жасаудағы нақты қадамдарды құптаймыз.

Біз Еуропаның саяси және экономикалық дамуындағы Еуропалық қоғамдастықтың маңызды рөлін мойындаймыз. Сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК ООН- БҰҰ ЕЭК), бреттон-вудтық мекемелер, экономикалық ынтымақтастық пен даму Ұйымы (ОЭСР- ЭЫДҰ), Еуропалық еркін сауда қауымдастығы (ЕАСТ-ЕЕСА) және Халықаралық сауда палатасы (МТП- ХСП) сияқты халықаралық экономикалық ұйымдар Еуропалық қайта құру мен даму банкін (ЕБРР-ЕҚҚДБ) құру нәтижесінде әрі қарай дами алатын экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуде маңызды міндет атқаратын болады. Өз мақсатымызға жету үшін біз бұл ұйымдардың қызметін тиімді үйлестіру қажеттігін атап өтеміз және осы іс-қимылға біздің барлық елдерімізді қатыстыру тәсілдерін табу талабына зор маңыз береміз.

Қоршаған орта

Біз қоршаған ортаның проблемаларын шешудің уақыт күттірмейтін қажеттілігін және бұл салада жеке және бірігіп күш салысудың маңыздылығын мойындаймыз. Біз ауада, суда және жерде тұрақты экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру мен сақтау мақсатында қоршаған ортаны қорғау және жақсарту қызметімізді жандандыруға

міндеттенеміз. Сол себепті біз ортақ міндеттер мен қоршаған орта саласындағы мақсаттарды әзірлеу үшін ЕҚЫК-ті құрылым ретінде толығымен пайдалануға, осылайша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Софиялық кеңестің баяндамасында мәлімделген жұмысты жалғастыруға батыл бел байлап отырмыз.

Біз қоғамдастық пен жекелеген тұлғаларға қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі бастамалар көтеруге мүмкіндік беретін қоғамның кең хабардар болуының маңызды рөлін атап өтеміз. Ол үшін біз қоршаған орта саласындағы қоғамдық сана мен ағартушылыққа, сондай-ақ, саясат, жобалар мен бағдарламалардың қоршаған ортаға әсерінің мәселелерін ашық жариялауға көмек көрсетуді өзімізге міндет етіп аламыз.

Біз тиісті шара қолдану үшін әзірге өздерінің жеке қорлары жоқ елдерге жәрдем жасау қажеттілігін ұғына отырып, таза және қалдығы аз технологияларды өндіруге бәрінен жоғары мән береміз.

Біз қоршаған орта саласындағы саясатты тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін тиісті заң шаралары және әкімшілік құрылымдарымен нығайтылуы керек екенін атап айтамыз.

Біз бар міндеттерді қадағалаудың жүйелі бағасын көздейтін жаңа шараларды қабылдаудың, онымен қоса қоршаған ортаның жай-күйі және ықтимал экологиялық қауіптер туралы ақпарат пен хабарламалар алмастыруға қатысты алыс болашаққа жоспарланатын міндеттемелерді өңдеу қажеттілігін атап өтеміз. Біз сондай-ақ Еуропаның қоршаған орта жөніндегі агенттігін (ЕАОС- ЕҚОА) құрылуын қуаттаймыз.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП-БҰҰБ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық Комиссиясы (ЕЭК ООН-БҰҰЕЭК) және экономикалық ынтымақтастық пен даму Ұйымы (ОЭСР- ЭЫДҰ) сияқты қоршаған ортаны қорғаумен шұғылданатын әртүрлі халықаралық ұйымдардың жедел жұмысын, проблемалық зерттеулер мен саясат шолуларын құптаймыз. Біз ынтымақтастықтарды нығайту және оларды тиімді үйлестіру қажеттігін атап өтеміз.

Мәдениет

Біз өзімізге ортақ Еуропалық мәдениет пен құндылықтарымыздың континенттегі бөлініп кетуді жеңудегі маңызды үлесін мойындаймыз. Сол себепті біз шығармашылық еркіндігіне, сондай-ақ, өзіміздің мәдени және рухани мұрамызды бүкіл оның байлығы және әралуындығы қалпында қорғауға және дамытуға бейілділігімізді атап көрсетеміз.

Жақында Еуропада орын алған өзгерістерге байланысты біз Краков симпозиумының ұлғайған маңызын атап өтеміз және онда мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың жандандырылуының негізгі бағыттары қарастырылуын қызығушылықпен күтеміз. Біз Еуропа Кеңесін осы сипмозиумның жұмысына үлес қосуға шақырамыз.

Халықтарымыздың өзара тереңірек танысуына көмектесу мақсатында біз басқа қатысушы-мемлекеттердің қалаларында мәдени орталықтар құруды, сондай-ақ аудиовизуальды саладағы неғұрлым белсендірек ынтымақтасуды арттыруын және музыка, театр, әдебиет пен өнер саласында кеңірек алмасуды жақтаймыз.

Өзара тереңірек түсінісу, соның ішінде, жастар арасында, мәдени алмасу, білімнің барлық салаларындағы ынтымақтастық арқылы және дәлірек айтсақ, басқа қатысушы мемлекеттердің тілдерінде оқыту мен дайындау арқылы көмектесу мақсатында, біз өз ұлттық саясатымызда бұған ерекше күш-жігер жұмсауға шешім қабылдаймыз. Біз осы әрекеттердің алғашқы нәтижелерін 1992 жылғы Хельсинкий кездесуіндегі одан арғы қадамдар шеңберінде қарастыруға ниеттіміз.

Жұмысшы мигранттар

Біз, қабылдаған мемлекеттерде заңды тұратын жұмысшы мигранттар мен олардың отбасылары мәселелерінің экономикалық, мәдени және әлеуметтік қырлары, сондай-ақ өз адами өлшемі болатынын мойындаймыз. Біз тағы да олардың құқықтарын қорғау және оларға жәрдемдесу, сондай-ақ тиісті халықаралық міндеттемелерді орындау біз үшін ортақ іс екенін растаймыз.

Жерорта теңізінің аймағы

Біз Еуропада орын алған негізгі өзгерістердің Жерорта теңізінің аймағы үшін тиімді мәні бар деп есептейміз. Осыған сай біз алдағы уақытта да Еуропадағы тұрақтылықтың маңызды факторы ретінде Жерорта аймағында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту үшін күш салатын боламыз. Біз барлығымыз нәтижелерін құптап отырған Пальма-де-Майоркада болған Жерорта теңізі аймағы жөніндегі кеңестің баяндамасын қолдаймыз.

Бізді бұл аймақтағы әлі де сақталып отырған шиеленіс алаңдатады және біз қайтадан әлі де шешілмей қалып отырған басты проблемалар жөніндегі әділетті, өмірге бейімді және ұзақ мерзімдік шешімдерді бейбіт амалдар мен Қорытынды акт қағидаттарын құрметтеу негізінде табу жөнінде күш-жігерді жандандыруға бел байлағанымыз туралы мәлімдейміз.

Біз қатыспайтын жерорта теңізі мемлекеттерімен үйлесімді даму мен қарым-қатынастың әртараптануы үшін қолайлы жағдай туғызуда көмектесуге ниеттіміз. Біздің мақсатымыз осы мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына көмектесу және сол арқылы аймақтағы тұрақтылықтың нығаюына бағытталған ынтымақтастықтың кеңеюі болып табылады. Сол үшін біз осы мемлекеттермен бірігіп Еуропа мен оның Жерорта теңізіндегі көршілері арасындағы әл-ауқаттың алшақтығын едәуір азайтуға тырысамыз.

Үкіметтік емес ұйымдар

Біз ЕҚЫК мақсаттырына жетуде үкіметтік емес ұйымдардың, діни және басқа да топтар мен бөлек тұлғалардың атқаратын маңызды рөлі туралы еске саламыз, және алдағы уақытта да ЕҚЫК бойынша қатысушы мемлекеттердің міндеттемелерін орындауға бағытталған әрекеттеріне көмектесеміз. Өзінің маңызды міндетін жүзеге асыру үшін бұл ұйымдар, топтар мен жекелеген адамдар ЕҚЫК-тың іс-әрекеті мен жаңа құрылымдарына тиісті жолмен тартылуы қажет.

ЕҚЫК ҮДЕРІСІНІҢ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН ИНСТИТУТТАРЫ

Біздің адам құқықтарын, демократия мен заңның үстемділігін құрметтеуді қамтамасыз ету, Еуропадағы бейбітшіліктің нығаюы мен бірлікке жәрдемдесу бойынша бірлесіп жұмыс істеудегі күштеріміз саяси диалог пен ынтымақтастықтың жаңа сапасын және сол арқылы ЕҚЫК құрылымдарының дамуын талап етеді.

Біздің алдағы қарым-қатынастарымыздың қалыптасуы ісінде маңызы барлық деңгейдегі консультацияларымызды жандандыру бәрінен де зор мәнге ие. Осы мақсатқа жету үшін біз мыналар туралы шешім қабылдаймыз:

Біз, мемлекеттер мен үкіметтер басшылары, келесі жолы 1992 жылғы Хельсинкийдегі одан арғы қадамдар шеңберінде ЕҚЫК кездесуіне жиналамыз. Кейін біз одан арғы қадамдар шеңберінде келесі кездесулерде жиналатын боламыз.

Біздің сыртқы істер министрлеріміз Кеңес ретінде жүйелі түрде жылына бір реттен кем емес жиналатын болады. Бұл кездесулер ЕҚЫК үдерісі шеңберінде саяси кеңестер үшін орталық форум болып табылады. Кеңес Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесіне қатысты мәселелерді қарастырып, тиісті шешімдерді қабылдайтын болады.

Кеңестің бірінші сессиясы Берлинде өтеді.

Аға лауазымды тұлғалар комитеті Кеңестің отырыстарын дайындап, оның шешімдерін жүзеге асырады. Комитет кезектегі мәселелерге шолу жасайды, соның ішінде Кеңеске ұсыныс ретінде тиісті шешім қабылдай алады.

Кезек күттірмейтін мәселелерді талқылау үшін қатысушы мемлекеттердің өкілдерінің қосымша кездесулерін өткізу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілуі мүмкін.

Кеңес төтенше жағдайларда Аға лауазымды тұлғалар комитетінің мәжілістерін шақыруға қатысты ережелерді дайындау мәселесін зерттейді.

Қатысушы мемлекеттер басқа да министрлердің кездесулерін өткізу жөнінде де келісе алады.

Осы консультацияларда әкімшілік қызмет көрсетуі тұрғысынан қамтамасыз ету мақсатында біз Прагада Хатшылық құрамыз.

Қатысушы мемлекеттердің одан арғы қадамдар шеңберіндегі кездесулері әдетте қатысушы мемлекеттерге өткен оқиғалардың қорытындысын жасау, өзінің міндеттемелерін орындауына шолу жасау және ЕҚЫК үдерісінің шеңберінде одан арғы қадамдарды қарастыру мүмкіндігін беру үшін екі жылда бір рет өткізілетін болады.

Біз кеңеске жанжалдардың туындау қаупін төмендетуге көмектесу үшін Венада Жанжалдардың алдын алу орталығын құруға шешім қабылдаймыз.

Біз байланыстарға жәрдемдесу мен қатысушы мемлекеттердегі сайлау туралы ақпаратпен алмасу үшін Варшавада Еркін сайлау бюросын құруға шешім қабылдаймыз.

ЕҚЫК үдерісінде парламентарийлердің атқаратын маңызды рөлін мойындай отырып, біз барлық қатысушы мемлекеттердің парламент мүшелері кіретін ЕҚЫК парламенттік ассамблеясын құру арқылы ЕҚЫК-ке парламенттердің кеңірек қатысуына шақырамыз. Осы мақсатпен біз осы саладағы тәжірибе мен атқарылған жұмысты пайдалана отырып, қызмет саласын, жұмыс әдістері мен ЕҚЫК-тің осындай парламенттік құрылымының ержелер рәсімін талқылау үшін парламенттік байланыстарды табанды дамытуға шақырамыз.

Біз осы сауалды сыртқы істер министрлерімізден Кеңес ретіндегі олардың бірінші отырысында қарауын сұраймыз.

* * *

Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында жазылған белгілі бір қолданылатын ережелерге қарасты тәртіптік және ұйымдастыру шарттары Париж хартиясымен бірге қабылданатын Қосымша құжатта мазмұндалған.

Біз Кеңеске осы құжатта, сондай-ақ Қосымша құжатта мазмұндалған шешімдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін қадамдар жасауды және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту бойынша одан әрі күш- жігер жұмсау туралы мәселені қарауды тапсырамыз. Кеңес Қосымша құжатқа орынды деп тапқан кез келген түзетулерді енгізе алады.

* * *

Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясының ағылшын, испан, итальян, неміс, орыс және француз тілдерінде құрастырылған түпнұсқасы оны өз мұрағаттарында сақтайтын Франция Республикасының үкіметіне беріледі. Әрбір қатысушы мемлекет Франция Республикасының үкіметінен Париж хартиясының расталған көшірмесін алады.

Париж хартиясының мәтіні оны таратын және, бәлкім, онымен кеңірек танысуға мүмкіндік жасайтын әрбір қатысушы мемлекетте жарияланады.

Франция Республикасының үкіметіне Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабының негізінде тіркеуге жатпайтын жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясының мәтінін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына оны Ұйымның барлық мүшелері арасында Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми құжаты ретінде тарату үшін жіберуге өтініш білдіріледі.

Франция Республикасының үкіметіне, сондай-ақ Париж хартиясының мәтінін онда аталған барлық басқа халықаралық ұйымдарға жіберу туралы өтініш білдіріледі.

Осының бәрін куәландыра келе біз, төменде қол қойған қатысушы мемлекеттердің Жоғарғы өкілдері, жоғары деңгейдегі Кеңестің нәтижелерінің өзіміз берген үлкен саяси мәнін ұғына және өзіміз қабылдаған ережелерге сәйкес іс атқаруға бел байлағанымызды жариялай отырып, осы Хартияның астына өзіміздің қолдарымызды қойдық:

Парижде
1990 жылдың 21 қарашасында
жүзеге асты

ЖАҢА ЕУРОПАҒА АРНАЛҒАН ПАРИЖ ХАРТИЯСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША ҚҰЖАТ

ПАРИЖ 1990

ЖАҢА ЕУРОПАҒА АРНАЛҒАН ПАРИЖ ХАРТИЯСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША ҚҰЖАТ

Төменде 1990 жылдың 21 қарашасында Парижде қол қойылған жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясындағы белгіленген ережелерге қатысты рәсімдер мен ұйымдастыру шарттары баяндалады.

I. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

А. КЕҢЕС

1.Қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінен құралған Кеңес ЕҚЫК процесінің шеңберіндегі жүйелі саяси консультацияларды өткізуге арналған орталық форум болып табылады.

2. Кеңес:

- Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске қатысты мәселелерді қарастыратын және тиісті шешімдерді қабылдайтын;
- қатысушы мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесулерін дайындайтын және осы кездесулерде белгіленген талаптар мен қабылданған шешімдерді орындайтын болады.

3. Кеңес өз отырыстарын жүйелі түрде және жылына кем дегенде бір реттен өткізетін болады.

4. Қатысушы мемлекеттер Кеңестің қосымша отырыстарын өткізу туралы келісе алады.

5. Кеңестің әрбір отырысы кезінде қабылдаушы мемлекеттің өкілі төрағалық ететін болады.

6. Кеңес отырысының күн тәртібін, ротация негізінде - және келесі отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы ұсыныстарды қоса алғанда, Аға лауазымды тұлғалардың комитеті дайындайтын болады.

В. АҒА ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР КОМИТЕТІ

1. Аға лауазымды тұлғалар комитеті Кеңестің отырыстарын дайындайды, оның шешімдерін орындайды, ағымдағы проблемаларға шолу өткізеді және ЕҚЫК-нің алдағы жұмысы мәселелерін, соның ішінде оның басқа да халықаралық форумдармен қарым-қатынасын қарайды.

2. Комитет Кеңестің отырыстарының күн тәртібін дайындау мақсатында қатысушы мемлекеттерден берілген ұсыныстардың негізінде талдауға шығарылған мәселелерді анықтайтын болады. Комитет күн тәртібінің соңғы жобасын Кеңес отырысы жақындаған мерзім алдында құрастыратын болады

3. Әрбір қатысушы мемлекет Комитеттің жұмысы туралы жинақтау және тарату үшін Хатшылыққа ұсыныстарды беру мақсатында, сондай-ақ, Хатшылық және әрбір қатысушы мемлекет арасындағы байланысқа көмектесу мақсатында пайдаланылатын байланыс пунктін ұйымдастырады.

4. Комитеттің әрбір отырысында Кеңестің алдыңғы отырысында Сыртқы істер министрі Төраға қызметін атқарған мемлекеттің өкілі төрағалық ететін болады.Отырысты қатысушы мемлекеттермен консультация жүргізгеннен кейін Комитеттің Төрағасы шақыратын болады.

Комитеттің отырысы Хатшылықтың орналасқан жерінде өткізіледі және олардың ұзақтығы, өзге уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда, екі күннен аспайды. Кеңес отырысы Комитеттің тікелей алдыңғы отырысы сияқты Кеңес отырысы өткен орында өткізілетін болады.

5. Тәжірибе тұрғысында алғанда, Комитеттің бірінші отырысы 1991 жылғы 28-29 қаңтар кезеңінде Венада өтетін болады. Онда Югославия өкілі төрағалық етеді.

С. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕТІКТЕР

Кеңес төтенше жағдайларда Аға лауазымды тұлғалар комитеті отырысының шақыру тетігін құру мүмкіндігін талқылайды.

D. ОДАН АРҒЫ ҚАДАМДАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕР

Қатысушы мемлекеттердің одан арғы қадамдар шеңберіндегі кездесулері, әдетте, әр екі жыл сайын өткізілетін болады. Олардың ұзақтығы, басқа уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда, үш айдан аспайтын болады.

E. ЕҚЫК ХАТШЫЛЫҒЫ

1. Хатшылық :

- Кеңес және Аға лауазымды тұлғалар комитеті отырыстарының әкімшілік қызметін қамтамасыз ететін;
- ЕҚЫК құжаттамасының мұрағатын жүргізетін және қатысушы мемлекеттердің өтініші бойынша құжаттарды таратын;
- ЕҚЫК-ке қатысты жалпы қоғам үшін ашық ақпаратты жеке тұлғаларға, үкіметтік емес ұйымдарға, халықаралық ұйымдар мен қатыспайтын мемлекеттерге беретін;
- Атқарушы хатшыларға ЕҚЫК-ның жоғары деңгейдегі кездесулеріне, ЕҚЫК-ның одан арғы қадамдарының шеңберіндегі кездесулеріне және ЕҚЫК-ның сессияаралық кездесулеріне қажеттілігіне қарай көмек көрсететін болады.

2. Хатшылық Кеңестің немесе Аға лауазымды тұлғалар комитетінің тапсыратын басқа да міндеттерді орындайды.

3. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында Хатшылық-- тың құрамына келесі қызметкерлер:
- Аға лауазымды тұлғалар комитеті арқылы Кеңес алдында жауап беретін Директор;
- отырыстарды ұйымдастыруға (хаттамалық мәселелер және қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда), құжаттама мен ақпаратқа, қаржылық және әкімшілік мәселелерге жауап беретін үш қызметкер. Директор бұл міндеттерге қосымша оларға Хатшылықтың алдында тұрған міндеттерді орындау шеңберіндегі басқа да міндеттерді тапсыра алады;
- Директор жалдап алған әкімшілік және техникалық персонал кіреді.

F. ЖАНЖАЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ (ЖАО)

1. Жанжалдардың алдын алу жөніндегі орталық (ЖАО) жанжалдар туындау қауіпін азайту ісінде Кеңеске көмек көрсетеді. Орталықтың кызметтері мен құрылымы төменде көрсетілген.

2. Орталық қызметінің алғашқы кезеңінде оның рөлі:

- ерекше әскери қызметке қатысты консультациялар мен ынтымақтастық тетіктері;
- жыл сайын әскери ақпаратпен алмасу;
- байланыс жүйесі;
- орындауды бағалау жөніндегі жыл сайынғы кеңесулер;
- әскери сипаттағы қауіпті қақтығыстарға қатысты ынтымақтастық сияқты СҚШ жүзеге асыруға көмек көрсету.

3. Орталық басқа да қызметтерді орындауға ала алады және жоғарыда көрсетілген міндеттер дауларды татуластыру рәсімдеріне қатысты, сондай-ақ, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі болашақта тапсыруы мүмкін дауларды ымыраластыруға қатысы бар кең ауқымды міндеттерге жататын қандай да болсын қосымша міндеттерге залал келтірмейді.

<u>Консультативтік комитет</u>

4. Барлық қатысушы мемлекеттердің өкілдерінен тұратын Консультативтік комитет Кеңес алдында жауапты болады. Әдетте, бұл өкілдер одан арғы қадамдар шеңберінде Хельсинкий кездесуіне дейінгі уақытта өтетін Сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары (СҚШ) жөніндегі келіссөздерде делегация басшылары болып табылады.

Консультативтік комитет:

ерекше әскери қызметке қатысты тетік шеңберінде шақырылуы мүмкін қатысушы мемлекеттердің кездесулерін өткізетін;

1. жүзеге асыруды бағалау жөніндегі жыл сайынғы кездесулер өткізетін;
2. әскери доктриналар жөнінде семинарлар және қатысушы мемлекеттер оларды өткізу туралы келісе алатын семинарларды дайындайтын;
3. орталық хатшылығының қызметін бақылайтын;

4. СҚШ келісілген шеңберінде алмасатын тақырып болып табылатын ақпаратты қажет болған жағдайда талқылау және түсіндіру форумы болатын;
5. ЖАО мандаты шеңберінде байланыс желісіне қатысты жалпы жауапкершілікті алатын болады.

5. Консультативтік комитет өз қызметін ЕҚЫК рәсімдеріне сәйкес құратын болады. Ол өз жұмыс бағдарламасын өзі анықтайтын болады және қосымша отырыстарды өткізу туралы шешімдер қабылдай алады. Ерекше әскери қызметке қатысты рәсімдерге сәйкес қатысушы мемлекеттердің бірінің немесе бірнешеуінің өтініштері бойынша шақырылған қатысушы мемлекеттердің кездесулерін ЖАО Хатшылығының Директоры ұйымдастыратын болады. Директор тағайындалғанша бұл міндеттер СҚШ (СҚШ) бойынша келіссөздердің Атқарушы хатшысы орындайды.

Хатшылық

6. Хатшылық Консультативтік комитет тапсырған міндеттерді атқарады, оның алдында жауапты болады. Соның ішінде ол барлық қатысушы мемлекеттердің пайдалануы үшін ашық және СҚШ келісілген шеңберде алмасуға жататын әскери ақпарат негізінде жинақталған деректер банкін жасайды және сақтайтын болады, сондай-ақ осының негізінде жылнамалар басып шығаратын болады.

7. Хатшылықтың құрылымына:

– Директор;
– Отырыстарды ұйымдастыруға (хаттамалық мәселелер мен қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда) байланысқа, құжаттама және ақпаратқа, қаржылық және әкімшілік мәселелеріне жауап беретін екі қызметкер;
– Директор жалға алған әкімшілік және техникалық персонал кіреді.

8. Жанжалдардың алдын алу орталығының Консультативтік комитетінің бірінші отырысы 1990 жылғы 3 желтоқсанында шақырылатын болады және онда Югославия төрағалық етеді.

G. ЕРКІН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БЮРО

1. Еркін сайлау жөніндегі бюроның қызметі қатысушы мемлекеттердегі сайлау туралы байланыстарға және ақпаратпен алмасуға көмектесу болып табылады. Осылайша, ЕҚЫК адами өлшемі жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесі Құжатының 6,7,8-тармақтарының орындалуына мүмкіндік туғызатын болады (тиісті ережелер 1-қосымшада мазмұндалған).

2. Осы мақсатта Бюро:

– ақпараттарды жинайтын, соның ішінде қатысушы мемлекеттердің құзырлы органдары беретін қатысушы мемлекеттердегі жоспарланған ұлттық сайлаудың өткізілетін уақыты, рәсімі және ресми нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ, сайлауды бақылаушы топтардың хабарламаларын жинақтайтын және оларды тиісті өтініштер бойынша үкіметтерге, парламенттер мен мүдделі жеке ұйымдарға беретін;

– сайлауды бақылауға қатысқысы келетін үкіметтер, парламенттер, және жеке ұйымдар мен сайлау өтетін мемлекеттердің құзырлы органдары арасындағы қарым-қатынасқа жәрдемдесетін;

–қатысушы мемлекеттердің өтініші бойынша семинарлар немесе сайлау рәсімдері мен демократиялық институттарға қатысты басқа кездесулер ұйымдастыратын және оларды өткізетін орынның қызметін атқаратын болады.

3. Бюро осы саладағы басқа мекемелердің қызметін назарға алатын және ынтымақтасатын болады.

4. Бюро Кеңес тапсырған басқа да міндеттерді атқарады.

5. Бюро құрамына келесі қызметкерлер:

– Аға лауазымды тұлғалар комитеті арқылы Кеңес алдында жауап беретін Директор;

– бір қызметкер;

– Бюро Директоры жалдап алған әкімшілік-техникалық персонал кіреді.

Н. ЕҚЫК ИНСТИТУТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ РӘСІМДЕР МЕН ШАРТТАР

Жинақтау шарттары

1. Әрбір институттың директоры болып оның үкіметі іссапарға жіберген және Кеңес ротация негізінде ұзартылмайтын үш жылдық мерзімге тағайынған аға дәрежедегі қызметкер болады.

2. Егер Директор өз міндеттерін одан әрі орындай алмайтын жағдайда, Кеңес Төрағасы қатысушы мемлекеттермен консультациядан кейін Кеңестің келесі отырысына дейін уақытша директорды тағайындайды.

3. Қызметкерлерді іссапарға өз үкіметтері жіберетін болады. Олардың өкілеттігінің мерзімі әдетте екі жылдан тұрады. Директор мен қызметкерді іссапарға жіберген қатысушы мемлекеттер арасында оның өкілеттігін бір жылға созу туралы уағдаластыққа қол жеткізуге болады.

4. Қызметкерлерді тағайындау ротация жүйесінің негізінде француз әліпбиіне сәйкес жүргізіледі. Ротация қай мемлекеттен басталатыны туралы сауал институттағы әрбір қызмет орнына жеребе салу жолымен шешілетін болады. Бос қызмет орындары қатысушы мемлекеттерге осы тәртіпке сәйкес қызмет орны толғанша ұсынылады.

5. Бір де бір басқа қатысушы мемлекет бос қызмет орнына өз азаматын жіберуді қаламайтын жағдайларды қоспағанда, бір де бір қатысушы мемлекет өз азаматтарын ЕҚЫК институттарында іссапар негізінде толтырылған бір қызметтен артық орында ұстай алмайды.

6. Әрбір қызметкердің кандидатурасы тиісті қатысушы мемлекеттер, соңынан тағайындаумен айналысатын директормен кеңескеннен кейін ұсынады.

7. Әкімшілік және техникалық персоналды институттың директоры жұмысқа келісім-шарт негізінде жалдап алады. Қажет болған жағдайда ауызша және жазбаша аударманы қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылады.

8. Әр институттың жұмыс тәртібін оның директоры белгілейді.

9. Қызметкерлерді іссапарға жіберген мемлекет қабылдаған елде тіркейді, онда олар толық дипломатиялық мәртебеге ие болады.

Шығыстар

10. Шығыстар жөнінде:

– іссапарда жүрген қызметкерлердің шығыстарын жіберуші ел көтереді;

– ЕҚЫК институттарын құру шығыстары ЕҚЫК рәсімдеріне сәйкес бөлінеді;

– жедел іс-қимылға, тағайындалған қызметкерлердің ресми сапарларына байланысты жол шығындарын қоса алғандағы шығыстар ЕҚЫК рәсімдеріне сәйкес бөлінеді;

– институттың орналасқан үйін ұстауға және қажетті қауіпсіздік шараларын қолдану шығыстарын, соның ішінде институт орналасқан жерінде кездесулер өткізу үшін, қабылдаған ел өтейтін болады.

11. Қабылдаушы елдер институттарға өз қызметтерін толық көлемде жүзеге асыруға және өздеріне келісім-шарттық және қаржылық міндеттемелерді алуға, сондай-ақ оларға тиісті дипломатиялық мәртебе беруге міндеттенеді.

12. Жоғары деңгейдегі кеңесте құрылған ЕҚЫК ұйымдастыру құрылымдары тиімді жұмыс жасау үшін әкімшілік, қаржылық және кадр мәселелеріне қатысты келісілген ережелерге мұқтаж болады.

13. Осы мақсатта, Дайындық комитетінің Атқарушы хатшысы басқаратын және жоғары деңгейдегі Париж кеңесі мен Нью-Йорктегі Сыртқы істер министрлері кездесуінің Атқарушы хатшыларынан, сондай-ақ ЕҚЫК жаңа институттары қабылдаған елдердің өкілдерінен тұратын топ 1990 жылдың желтоқсанының аяғына таман қатысушы мемлекеттерге өз баяндамасы мен ұсыныстарын беретін болады. Бұл баяндаманың және осы ұсыныстарды Аға лауазымды тұлғалар комитетінің қамқорлығымен 1991 жылы қаңтардың 14-нен 18-не дейін Венада өз кездесуін өткізетін және жоғарыда аталған мәселе жөнінде соңғы ұсыныстарды дайындайтын қатысушы мемлекеттер сарапшыларының арнайы тобы қарайды. Кездесуді Аға лауазымды тұлғалар комитетінің Төрағалығын орындаған мемлекеттің өкілі шақырады және ол осы кездесуде төрағалық етеді.

14. Аға лауазымды тұлғалар комитеті бұл ұсыныстарды қарайды және өзінің бірінші отырысында қажетті шешімдер қабылдайды.

Әр институттың бірінші директорының кандидатурасы Аға лауазымды тұлғалар комитетінің бірінші отырысында ұсынылады да, бір апта бойы үндемеу рәсімі арқылы Кеңес бекітеді. СҚШ жөніндегі келіссөздердің Атқарушы хатшылығы ЖАО Консультативтік комитетінің бірінші отырысы мен аға лауазымды тұлғалар Комитетінің бірінші отырысына қызмет көрсетеді.

15. ЕҚЫК Хатшылығы жанжалдардың алдын алу жөніндегі орталық пен Еркін сайлау жөніндегі бюро Кеңестің алдында есепті, олардың міндеттері мен қызмет тәсілдерін анықтауға құқылы. Хельсинкий кездесуінде одан арғы қадамдар шеңберіндегі рәсімдерге, қызмет шарттарына және осы институттардың орналасқан жеріне қатысты жағдайларға шолу өткізілуі мүмкін.

I. БАЙЛАНЫС

Кеңес, лайықты іс-әрекет жасап, Консультативтік комитеттің және Аға лауазымды тұлғалар комитетінің ұсынысы бойынша сенім мен қауіпсіздікті нығайтудың қосымша шаралары туралы уағдаластық шеңберінде, ЕҚЫК-қа қатысы бар басқа мақсаттарда құрылған байланыс желісін пайдалану туралы шешім қабылдауы мүмкін.

J. ЕҚЫК РӘСІМДЕРІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ

Mutatis mutandis, рәсім ережелері, жұмыс тәсілдері, шығындарды үлестіру межелігі және ЕҚЫК қызметінің басқа шарттары, өзгеше шешім болмаса, қолданылады.

II. САРАПШЫЛАР КЕҢЕСТЕРІ

А. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАР ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫЛАРДЫҢ СЕМИНАРЫ

Демократиялы институттар жөніндегі сарапшылардың семинары Ослода дүйсенбі, 1991 жылдың 4 қарашасынан басталып, жұма, 1991 жылдың 15 қарашасына дейін өткізіледі. Оның мақсаты қатысушы мемлекеттердегі өмірге бейімді демократиялық институттарды шоғырландыру жолдары мен құралдарын талқылауды өткізу және адам құқықтары мен негізгі еркіндіктер саласындағы заңнаманы саластырмалы зерттеуді қоса алғанда, соның ішінде, Еуропа Кеңесі және «Демократия заң арқылы» комиссиясының қызметі арқылы жинақтаған тәжірибені пайдалану мен нығайту.

Күн тәртібі, кесте мен басқа да ұйымдастыру шарттары екінші қосымшада көрсетілген.

В. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША САРАПШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕСІ

Ұлттық азшылықтардың мәселелері бойынша сарапшылардың кеңесі Женевада, 1991 жылдың дүйсенбі, 1 шілдесінен -1991 жылғы жұма, 19 шілдесіне дейін өткізілетін болады. Оның мақсаты ұлттық азшылықтардың және оларға жататын адамдардың құқықтары мәселелеріне, жағдайлардың әртүрлілігіне және олардың негізінде жатқан құқықтық, тарихи, саяси және экономикалық факторларға қажетті назар аудара отырып, тереңірек талқылау өткізу болмақ. Оған:

– практикалық тәжірибе, соның ішінде, ұлттық заңнама, демократиялық институттар, халықаралық құралдар салалары мен басқа да ынтымақтастықтың мүмкін болатын нысандары туралы пікір алмасу;

– ЕҚЫК бойынша тиісті міндеттемелерді орындаудың шолуын жүргізу және тиісті нормаларды жетілдірудің мүмкіндіктерін қарастыру;

– жоғарыда айтылған міндеттемелерді орындауды жетілдіру бойынша жаңа шараларды қарастыру кіретін болады.

Күн тәртібі кестесі және басқа да ұйымдастыру шарттары III қосымшада мазмұндалған.

III. ЕҚЫК ҚАРЖЫЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЫҒЫН ТАРАПЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ ТИІМДІЛІК

1. Аға лауазымды тұлғалар комитеті ЕҚЫК институттарының, қызметі мен қызметкерлерінің шығын тарапынан алғандағы тиімділігін бақылайды және Кеңеске тиісті есептер беретін болады.

2. 1990 жылдың 22 қарашасынан бастап шығыстарды бөлетін келесі межелік жұмыс істейді:

Елдер		пайызбен
Германия	.....	9,1
Италия	.....	9,1
Құрама Корольдік	.....	9,1
Америка Құрама Штаттары	.....	9,1
Кеңес Социалистік Республикалары Одағы	.....	9,1
Франция	.....	9,1
Канада	.....	5,5
Бельгия	.....	3,6
Испания	.....	3,6
Нидерландтар	.....	3,6
Польша	.....	3,6
Швеция	.....	3,6
Австрия	.....	2,1
Венгрия	.....	2,1
Дания	.....	2,1
Норвегия	.....	2,1
Финляндия	.....	2,1
Чех және Словак Федеративтік Республикасы	.....	2,1
Швейцария	.....	2,1
Греция	.....	0,83
Румыния	.....	0,83
Түркия	.....	0,83
Югославия	.....	0,83
Болгария	.....	0,62
Ирландия	.....	0,62
Люксембург	.....	0,62
Португалия	.....	0,62
Исландия	.....	0,2
Кипр	.....	0,2
Лихтенштейн	.....	0,2
Мальта	.....	0,2
Монако	.....	0,2
Сан-Марино	.....	0,2
Киелі Тақ	.....	0,2
		100,00

«(6) Қатысушы мемлекеттер, жүйелі және шынайы сайлау кезінде еркін және адал білдірілген халықтың еркі кез келген үкіметтің билік пен заңдылық тірегі болып табылатынын мәлімдейді. Қатысушы мемлекеттер осыған сәйкес өз азаматтарының тікелей немесе адал сайлау процесі кезеңінде өздерімен еркін таңдалған өкілдер арқылы елді басқаруға қатысу құқығын құрметтейді. Олар өз заңдарына, адам құқықтары саласының халықаралық құқығы бойынша өз міндеттемелеріне және өз халықаралық міндеттемелеріне сәйкес халықтың еркімен еркін жолмен бекітілген демократиялық тәртіпті немесе басқа қатысушы мемлекеттерде осындай тәртіпті құлатуға бағытталған ланкестік немесе қиянатқа жол бермеуден бас тартатын немесе пайдаланатын жеке тұлғалардың, топтардың, иә ұйымдардың әрекетінен қорғауға және күзетуге жауапты екенін мойындайды.

(7) Халықтың еркі үкіметтің, мемлекеттің билігінің тірегі болуы үшін қатысушы мемлекеттер

(7.1) – заңмен бекітілгеніндей, ақылға сыйымды мерзіммен еркін сайлау өткізеді;

(7.2) – барлық мандаттар ұлттық заңдылық органының кем дегенде бір палатасында бұқараның сайлауы кезінде үміткерлердің еркін сайысу объектісі болуын мүмкін етеді;

(7.3) – ересек азаматтардың жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына кепіл болады;

(7.4) – дауыс беру құпия түрде өткізілуін немесе еркін дауыс беру тең рәсімдерінің пайдалануын және дауыс санаумен ол туралы хабарлама адал болуын, ал ресми нәтижелер жариялануын қамтамасыз етеді.

(7.5) – азаматтардың саяси немесе мемлекеттік лауазымға жеке өздерінің немесе саяси партиялардың немесе ұйымдардың өкілі ретінде, кемсітусіз қол жеткізу құқығын сыйлайды;

(7.6) – жеке тұлғалар мен тұлғалар топтарының толық еркіндік жағдайында өз саяси партияларын немесе басқа саяси ұйымдарын құру құқығын сыйлайды және олардың бір-

бірімен заң мен билік органдарының алдындағы теңдік негізінде сайысуға мүмкіндік беретін осындай саяси партиялар мен ұйымдарға қажетті заңгерлік кепілдік береді;

(7.7) – заң мен мемлекеттік саясат ешбір әкімшілік әрекеттер, қиянат немесе қорқыту партияларды және үміткерлерді өздерінің көзқарастары мен пікірлерін еркін білдіруіне кедергі жасамайтын саяси науқандарда еркіндік пен адалдық ахуалында жүргізуіне жол беруін, сондай-ақ, сайлаушылардың жазадан сезіктенбей олармен танысуын, оларды талқылауын немесе еркін дауыс беруін қамтамасыз етеді;

(7.8) – сайлау үдерісіне қатысқысы келетін барлық саяси топтар мен жеке тұлғалар үшін, кемсітусіз негізде бұқаралық ақпарат құралдарына кедергісіз байланысуына қандай да болсын заңгерлік немесе әкімшілік кедергілер қолданылмауын қамтамасыз етеді;

(7.9) – заңмен анықталған қажетті дауыс жинаған үміткерлер қызметіне тиісті түрде кірісуін және сол қызметте өз өкілеттігі мерзімі біткенше, иә демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес заңмен реттелетін басқа да амалмен өкілеттігі тоқталғанша қалуын қамтамасыз етеді;

(8) – қатысушы мемлекеттер шетелдіктердің және ұлттық бақылаушылардың қатысуы сайлау өткізіліп жатқан мемлекеттер үшін сайлау үдерісінің абройын көтеруі мүмкін деп есептейді. Сол себепті, олар бақылаушыларды кез келген басқа ЕҚЫК қатысушы мемлекеттерден және қалаған кез келген тиісті жеке мекемелер мен ұйымдардан заңмен рұқсат етілген көлемде олардың ұлттық сайлауының жүрісін бақылауға шақырады. Олар, сондай-ақ, жалпы ұлттықтан төмен деңгейде өткізілетін сайлау үдерісіне қол жеткізуге көмектесуге тырысатын болады. Мұндай бақылаушылар сайлау үдерісіне кіріспеу міндетін өздеріне алатын болады».

II ҚОСЫМША

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАР ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫЛАР СЕМИНАРЫ

I. Күн тәртібі

1. Семинардың ресми ашылуы.
Қабылдайтын мемлекет өкілінің құттықтау сөз сөйлеуі.

2. Қатысушы мемлекет өкілдерінің кіріспе мәлімдемелері.

3. Еуропа Кеңесінің және «Демократия заң арқылы» комиссиясының үлестері.

4. Шоғырлану жолдары мен құралдарын және адам құқықтары мен негізгі еркіндіктер саласындағы заңнаманы салыстырмалы зерттеумен қоса алғанда, соның ішінде, Еуропа Кеңесі жинақтаған тәжірибені және «Демократия заң арқылы» комиссиясының жұмысын пайдалану арқылы қатысушы мемлекеттердегі өмірге бейімді демократиялық институттарда нығайуды талқылау.

5. Қатысушы мемлекеттер өкілдерінің қорытынды мәлімдемелері мен қорытынды жасауы.

6. Семинардың ресми жабылуы.

II. Кесте және басқа да ұйымдастыру шарттары.

1. Семинар 1991 жылдың 4 қарашасында, дүйсенбіде, 15 сағ. 00 мин; Ослода ашылады. Ол 1991 жылдың 15 қарашасында, жұмада жабылады.

2. Барлық жалпы отырыстар ашық болады. Зерттеу топтарының отырыстары жабық болады.

3. Күн тәртібінің 1,2,3,5 және 6-тармақтары жалпы отырыстарда қаралатын болады.

4. Күн тәртібінің 4-тармағы жалпы отырыстарда, сондай-ақ келесі үш зерттеуші топтарында қаралатын болады:

* А зерттеу тобы:
– Конституциялық реформалар
– Заң үстемдігі мен тәуелсіз соттар
– Заң шығарушы, атқарушы және сот органдары арасындағы биліктің бөлінуі

** Б зерттеу тобы
– Сайлауды ұйымдастыру
– Саяси партияларды құру
– Тәуелсіз үкіметтік емес ұйымдарды құру (кәсіподақтар, жұмыс беруші ұйымдар)
– Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі

*** В зерттеу тобы
– Адам құқықтары мен негізгі бостандықтар саласындағы заңнаманың салысырмалы зеттеулері.

5. Жалпы отырыстар мен зерттеу топтарының отырыстары ұсынылған жұмыс бағдарламасына сәйкес өткізіледі. Жұмыс бағдарламасы келісім негізінде өзгертілуі мүмкін.

Қатысушы мемлекеттер делегациялары өкілдерінің кіріспе мәлімдемелерінің ұзақтығы ережеге сәйкес, әр делегация үшін 12 минөттен аспау керек және бұл мәлімдемелер келесі кезекпен жасалынады: Швейцария, Исландия, Швеция, Польша, Португалия, Киелі Тақ, Финляндия, Австрия, Болгария, Кипр, Түркия, Германия, Америка Құрама Штаттары, Сан-Марино, Монако, Чех және Словак Федеративтік Республикасы, Люксембург, Румыния, Ирландия, Лихтенштейн, Құрама Корольдік, Греция, Франция, Дания, Бельгия, Югославия, Канада, Норвегия, Мальта, Испания, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Нидерландтар, Италия, Венгрия.

6. Семинарадың ашылуына дейін делегацияларға Атқару хатшылығы арқылы зерттеу топтарында қаралатын мәселелер бойынша жазбаша үлестерін тарату ұсынылады.

7. Министрлер Кеңесі күн тәртібінің 5-тармағы шеңберінде жасалынған семинар жұмысының қорытындыларын назарға алады.

8. Семинардың ашылуы мен жабылуына арналған жалпы отырыстарда қабылдаушы мемлекеттің өкілі төрағалық етеді. Ашылу рәсіміне арналған жалпы отырыстан кейін төрағалық ету күн сайынғы алмасу негізінде француз әліпбиінің тәртібімен, Америка Құрама Штаттары өкілінен бастап жүзеге асып отырылады.

9. Зерттеу топтарының бірінші отырыстарында қабылдаушы мемлекеттің өкілі төрағалық етеді. Одан кейін күн сайынғы алмасу негізінде француз әліпбиінің тәртібімен:

- А зерттеу тобында Монако өкілінен;
- В зерттеу тобында Румыния өкілінен;
- С зерттеу тобында Мальта өкілінен бастап төрағалық етеі.

10. Хельсинкий Консультацияларының Қорытынды ұсыныстарының 74-тармағына сәйкес Норвегия үкіметі Атқарушы хатшыны тағайындайды. Бұл тағайындау қатысушы мемлекеттердің тарапының қолдауына жатады.

11. Рәсімнің өзге ережелері, қызметтік тәсілдер мен ЕҚЫК шығыстарын бөлу межелігі, mutatis, mutandis, Семинарға қолданылады.

II ҚОСЫМША

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

1-ші АПТА	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік отырыс		PL	SG A	SG C	SG B
Күндізгі отырыс	PL	PL	SG B	SG A	SG C

2-ші АПТА	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік отырыс	PL	SG B	SG A	SG C	PL
Күндізгі отырыс	SG A	SG C	SG B	PL	

III ҚОСЫМША

ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША САРАПШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕСІ

I. Күн тәртібі

1. Семинардың ресми ашылуы.
Қабылдайтын мемлекет өкілінің құттықтау сөз сөйлеуі.

2. Қатысушы мемлекет өкілдерінің кіріспе мәлімдемелері.

3. Еуропа Кеңесінің үлесі.

4. Ұлттық азшылықтардың мәселелері мен оларға жататын тұлғалардың құқықтары, жағдайлардың әртүрлілігіне және олардың негізінде жатқан құқықтық, тарихи, саяси және экономикалық факторларға қажетті назар аударумен тереңірек талқылау:

a) практикалық тәжірибе, соның ішінде, ұлттық заңнама, демократиялық институттар, халықаралық құралдар саласы мен басқа да ынтымақтастықтың мүмкін болатын нысандары туралы пікір алмасу;

b) ЕҚЫК бойынша тиісті міндеттемелерді орындаудың шолуын жүргізу және тиісті нормаларды жетілдірудің мүмкіндіктерін қарастыру;

c) Жоғарыда айтылған міндеттемелерді орындауды жетілдіру бойынша жаңа шараларды қарастыру;

III ҚОСЫМША

5. Қатысушы мемлекеттер өкілдерінің соңғы мәлімдемелері және қорытынды жасауы.

6. Семинардың ресми жабылуы.

III ҚОСЫМША

II. Кесте және басқа да ұйымдастыру шарттары

1. Кеңес Женеведа 1991 жылдың 1 шілдесінде, дүйсенбі, 15 сағ. 00 мин; ашылады. Ол 1991 жылдың 19 шілдесінде, жұмада жабылады.

2. Жалпы отырыстар ашық болады. Қосымша жұмыс органдарының отырыстары жабық болады.

3. Күн тәртібінің 1,2,3,5 және 6-тармақтары жалпы отырыстарда қаралатын болады.

4. Күн тәртібінің 4-тармағы үш Қосымша жұмыс органдарында (үш тармақшаларға сәйкес құрылған) реттелген және теңгерілімделген түрде қарастырылатын болады. Күн тәртібінің 4-тармағы жалпы отырыстарда да қаралады.

5. Жалпы отырыстар мен Қосымша жұмыс органдарының отырыстары ұсынылған жұмыс бағдарламасына сәйкес өткізіледі.

6. Қатысушы мемлекеттер делегациялары өкілдерінің кіріспе мәлімдемелерінің ұзақтығы, әдеттегідей, әрбір делегация үшін 15 минөттен аспауы керек және бұл мәлімдемелер келесі тәртіппен жасалынатын болады: Югославия, Исландия, Венгрия, Болгария, Сан-Марино, Кипр, Құрама Корольдік, Америка Құрама Штаттары, Мальта, Бельгия, Нидерландтар, Румыния, Киелі Тақ, Ирландия, Польша, Швеция, Италия, Португалия, Испания, Түркия, Чех және Словак Федеративтік Республикасы, Германия, Канада, Монако, Люксембург, Греция, Австрия, Швейцария, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Франция, Финляндия, Лихтеншейн, Норвегия, Дания.

7. Кеңес басталғанға дейін қатысушыларға Атқарушы хатшы арқылы барлық басқа қатысушы мемлекеттер арасында тиісті талқылауды мұқияттылықпен дайындау мүмкіндігін беру үшін қарастырылатын мәселелер бойынша ЕҚЫК-тың бір немесе одан көп қызметтік тілінде жазбаша үлестерді тарату ұсынылады.

8. Министрлер Кеңесі күн тәртібінің 5-тармағы шеңберінде жасалынған Кеңестің жұмыс қорытындысын назарға алады.

9. Кеңестдің ашылуы және жабылуы рәсіміне арналған жалпы отырыстарда қабылдайтын елдің өкілі төрағалық етеді. Ашылу рәсіміне арналған отырыстан кейін төрағалық ету қатысушы мемлекеттердің күн сайынғы алмасу негізінде француз әліпбиінің тәртібімен Ирландия өкілінен бастап жүзеге асып отырады.

10. Қосымша жұмыс органдарының бірінші отырыстарында қабылдаушы елдің өкілі төрағалық ететін болады. Одан кейін төрағалық күн сайынғы алмасу негізінде француз әліпбиінің тәртібімен:

- А қосымша жұмыс органында Швейцария өкілінен;
- В қосымша жұмыс органында Франция өкілінен;
- С қосымша жұмыс органында Румыния өкілінен бастап жүзеге асып отырады.

11. Хельсинкидегі Консультациялардың Қорытынды ұсыныстарының 74- тармағына сәйкес Швейцария үкіметі Атқарушы хатшыны тағайындайды. Бұл тағайындау қатысушы мемлекеттердің қолдауына жатады.

12. Рәсімдердің басқа да ережелері, қызметтік әдістері және ЕҚЫК шығыстарын бөлу межелігі, mutatis, mutandis, Ұлттық азшылықтар мәселелері бойынша сарапшылардың кеңесіне қолданылатын болады.

III ҚОСЫМША

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

1-ші АПТА	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік отырыс		PL	SWB A	SWB A	SWB C
Күндізгі отырыс	PL	PL	SWB A	SWB B	SWB A

2-ші АПТА	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік отырыс	PL	SWB C	SWB C	SWB B	SWB B
Күндізгі отырыс	SWB B	SWB B	SWB A	SWB C	SWB C

3-ші АПТА	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік отырыс	SWB B	SWB B	SWB A	SWB C	PL
Күндізгі отырыс	SWB C	SWB C	SWB B	PL	